

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау, балалар тізімін анықтау
3. Бала өмірі мен қауіпсіздігін қорғау, қызметкерлер өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау жөнінде нұсқау жүргізу. Ішкі еңбек тәртібі. Лауазымдық міндеттерін атқару жөнінде.

Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы

Сөйледі: К.Танирбергенова – балабақша меңгерушісі жазғы маусымға арналған жеңілдетілген сабақ кестесі бойынша оқу-тәрбие процесі жүргізілді. Тәрбиешілер ыстық күнде балаларды жалықтырып алмау үшін ойын түрінде, балалардың ынтасының, ықыласына қарай ұйымдастырды.

Сонымен қатар жазғы сауықтыру шаралары күнделікті ұйымдастырылды. Балалар таза ауада ойнап, көбірек сусындар беріліп, құм үстінде жалаң аяқ жүріп, аяқтарын салқын сумен жуып, суланған шүберек үстімен жүріп, шыныгумен айналысып, күннің екінші жартысында шомылу жоғарыдан төмен қарай су құюмен шынықты. Әрбір шынығу, дене жаттығулары, серуен, медбикенің қадағалауында, бақылауымен өтті. Сонымен қатар іш аурудың алдын алу жұмыстары жүргізілді. Қайнатылған су беру, тазалық та бақылауда болды. Ата-аналарға кеңестер берілді. Жөндеу жұмыстарына тоқталсам, қажетті жерлерге жасалды. Балаларға зияны тимеу үшін сенбі, жексенбі күндері топтарды кезекпен жасап отырдық, дәліздер мен әкімшілік бөлмелерінде ақталып, сырлап өттік. Жаңа оқу жылына ғимаратымыз дайын. Жылу жүйесі де тексеріліп, қазандықтар дайын.

Тыңдалды: Стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау, балалар тізімін анықтау

Сөйледі: К.Танирбергенова – балабақша әдіскері мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйым қызметкерлері мемлекеттік стандарт талаптарының орындалуына жауапты екенімізді білеміз, орындауға міндеттіміз.

Стандарт талаптары бізден нені талап етеді?

- Балаларды даму кезеңдеріне байланысты топтарға жас ерекшелігіне сай болу.
- Пәндік дамытушы ортасы мазмұнды болу.
- Педагогикалық үдеріс жаңашыл болуын қамтамасыз етуі
- Базалық оқу жоспарына сүйену
- Оқу жүктемесіндегі бес сала бойынша құзыреттіліктерін дамыту.
- Педагогикалық үдерістегі талаптарды орындау

Демек, жаңа оқу жылында оқу-тәрбие ісін ұйымдастыру үшін, талаптарға сай жабдықталуымыз қажет. Балабақшаның материалдық техникалық

базасы мықты. Балаларға ойнау, ұйықтау, спортпен шұғылдану, ән айтып, би билеу, тамақтану, бөлмелері бар, жағдай жасалған. Дамытушы орталар толықтыруларды қажет етеді. Балалар тізімін анықтап қажетті жерге тізімі іліну керек.

Тыңдалды: Бала өмірі мен қауіпсіздігін қорғау, қызметкерлер өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау жөнінде нұсқау жүргізу. Ішкі еңбек тәртібі.

Лауазымдық міндеттерін атқару жөнінде.

Сөйледі: К.Танирбергенова – балабақша меңгерушісі әрбір қызметкер бала өмірі және өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау нұсқаулығымен, өз міндеттерімен таныстырылған. Әрбір оқу жылының басында, ғимаратта жылу жүйесі іске қосылатын қысқы маусымда, көктемгі көгалдандыру кезінде кеңес нұсқаулармен қайта таныстырылып қол қоясыздар. Және де сол ережені сақтап, жауапкершілікпен қарауға, міндеттеріңізді дұрыс атқаруды тапсырманы деді.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қадағалансын
2. Балалар тізімі анықталып, топтарды безендіру толықтырылсын.
3. Әрбір қызметкер бала өмірі мен өз өмірінің қауіпсіздік ережесін сақтасын.

Төрайымы:  К.Танирбергенова

Хатшы:  Е.Бердешова

Өндірістік кеңестің №2 хаттамасы

06.12.2017ж

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. Жылу мәселесі
3. Жаңа жыл мерекесінде қауіпсіздік ережесіне сақтау
4. Қысқы маусымдағы қар, мұздан балаларды сақтау.

Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
Сөйледі: **К.Танирбергенова** балабақша меңгерушісі топтарда бала саны анықталып, топталды. Жас ерекшелігіне сай ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесі бекітілген, оқу тәрбие ісі жүргізілуде. Стандарт талаптыран сай жабдықталған. Әр топта қажетті ата-аналар, табиғат, еңбек, денсаулық, кітап, кезекші бұрыштары безендірілген, оқу ісіне қажетті көрнекіліктер, суреттер, альбомдар, үлестірмелі, дидактикалық материалдар жинақталған. Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері, тіл мерекесі, күз мерекесі аталып өткізілді. Әрбір қызметкер балалар өмірінің қауіпсіздігін ескере отырып, іс-шараларға ұйымдастыруда. Үнемі бала өміріне жауапты екенімізді естен шығармайық деді.

Тыңдалды: Жылу мәселесі

Сөйледі: А. Урунбасарова – балабақша медбикесі күннің суытуына байланысты жылу жұмыстары іске қосылды. Қазандықтар жақсы жұмыс істеп тұр. Жылу жүйесі үнемі қадағалануда. Бөлме жылулық температурасы 20⁰ да сақталуда. Терезелер мен еденнің ақаулары жөнделді. Жылу жүйесі бір қалыпты жұмыс істеуде. Балалардың қауіпсіздігі ескерілген.

Тыңдалды: Жаңа жыл мерекесінде қауіпсіздік ережесіне сақтау

Сөйледі: К.Кубекбаева - жаңа жылдық мерекеге арналған «Жасыл шырша» мерекесін тойлауға әзірленудеміз. Безендіру мен өткізу жұмыстары жоспарлануда. Мереке қызықты өту үшін әрине әдемі түрлі түсті ойыншықтар, шырақтар, отшашулар мен музыкалық тосын сәттер ұйымдастыруда қауіпсіздік ережесін сақтап, абай болуларыңызды тапсырамын. Ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізілсін, ережені қатаң сақтаңыздар. Бір сәттілік отшашу, үлкен қайғы әкелмеуіне кім кепіл, оған жол бермей, алдын алу жұмыстары жүргізілсін деп сөзін аяқтады.

Тыңдалды: Қысқы маусымдағы қар, мұздан балаларды сақтау.

Сөйледі: К.Танирбергенова сонымен бірге қысқы ауа рай, ақ қар, көк мұздан сақтану жұмыстары жүргізілсін. Бақшаға кіру жолдары, баспалдақтың қар, мұзын ерте келіп тазалау қажет. Таңертең ата-аналар балаларымен бірге тайып жығылмау үшін, кілемшелер төселіп, сақтандыру жұмыстарын жүргізуді тапсырамын. Шатырлардың мұздарын балалар көп жүретін жерлерін түсіріп, қағу керек. Басына түсіп жарақат алып қалмасын. Аула сыпырушы мен жұмысшы қызметкерлер жұмыстарын

дұрыс атқаруды тапсырамын. Қадағалауға мебдике А. Урунбасарова мен шаруа меңгерушісі С. Махмутоваға бекітемін деді.

Шешім:

1. Бөлмелер жылулығы 20° температурада сақталсын. Жауапты: А. Урунбасарова мен Қожамжаров Қ
2. «Жасыл шырша» мерекесінде қауіпсіздік ережесі сақталсын. Жауапты: Тәрбиешілер. Мед бике
3. Аула қар, мұздан күнделікті тазалансын. Жауапты: Шаруа меңгерушісі, мед бике, аула сытырушы.

Төрайымы:  К. Танирбергенава

Хатшы:  Е. Бердешова

Өндірістік кеңестің №3 хаттамасы

11.03.2018 ж

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Балаларды еңбекке баулу жұмыстарын жоспарлау
3. «Әже ертегі айтып берші» Халықтық педагогикаға тәрбиелеу. Ата-аналарға арналған жылжымалы папка шығару.

Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы

Сөйледі: *К.Танирбергенава балабақша меңгерушісі өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті. Елбасының халқына жасаған жолдаудағы тапсырмаларындағы басты мақсат, мүдде, еліміздің тілін, дініні, мәдениетін, жерін бағалайтын ұрпақ тәрбиелеу, басқа ұлттармен бәсекеге түсуге қабілетті, білімді, жігерлі тұлға тәрбиелеу. Педагог азаматтарымыз бір ұлттың келешегін тәрбиелеп отырғанын естен шығармауға тиісті. Сол білімнің алғашқы дәндері, сатысы балабақшада қалыптастатынын білеміз. Жақсы дағдыларды, мінез-құлық, таным, ақыл-ой өрісінің дамуы, әлеуметке енуі, үлкендермен қарым-қатынас, құрдастарымен араласып, ойын бөлісуі, ережеге, тәртіпке бағынуы, тазалыққа бейімделуі, қимыл іс-әрекетінің дамуы барлығы сіздердің қадағалауларыңызбен оқу-тәрбие үдерісі кезінде іске асырылады.*

Тыңдалды: Балаларды еңбекке баулу жұмыстарын жоспарлау

Сөйледі: *К.Кубекбаева балабақша әдіскері оқу-тәрбие үдерісінің балалардың өмірін ұйымдастыру кезінде серуенде балалармен тыстағы еңбек жоспарланады. Балаларды балабақшаның тазалығына көңілін бөліп, үлкендер жұмысына мән беріп, сыйлауға үйретудеміз. Ауланы көгалдандыру қажеттігін, гүлдер егіліп күтіп-баптауға, дала құстарына ұя жасап, жем беру, қояндар, құстар, балықтар мен үй құстарына жем – шөп беріп күтіп баптауға, еңбек етуге үйретуіміз қажет.*

Сонымен бірге топтағы заттарды орындарына қою, кітаптарды реттеу, кезекшілік ету, табиғат бұрышындағы гүлдерді күтіп баптауға, гүл егуге, жапырағының шаңын сүрту, түбін қопсыту, су құю, сияқты жұмыстарды атқаруға үйретеміз. Балалар еңбек ете отырып өзіне-өзі қызмет етуді үйренеді, тазалық пен тәртіпке, ұқыптылыққа үйренеді. Әр бала өз жас ерекшелігіне сай өзіне-өзі қызмет етуге үйренгені жөн. Және ондайға үйретуде ата-ананың да қызметі зор, үйде де тапсырмалар орындап үйренуі қажет. Жүйелі, тиімді жоспарлап балаларды еңбекке баулық, ұқыптылыққа тәрбиелейік деп сөзін аяқтады.

Тыңдалды: «Әже ертегі айтып берші» Халықтық педагогикаға тәрбиелеу. Ата-аналарға арналған жылжымалы папка шығару.

Сөйледі: *К.Танирбергенава балабақша меңгерушісі елімізде әр түрлі ұлттар өмір сүреді, олардың салт-дәстүрлері, тілі, мәдениеті, әдет-ғұрпы*

да әр түрлі. Әр біздің өз тіліміз, дініміз, мәдениетіміз бен ауыз әдебиетіміз бар. Атадан-атаға мұра болып келе жатқан халық ауыз әдебиетінің тәрбиелік мәні зор. Аңыз-әңгіме, ертегі, хиссалар, жырлар арқылы балалардың бойында үлкенге құрмет, қамқорлық, әлсізге көмектесу, батылдық, сұлулыққа тәрбиелеу, өнерге тәрбиелеу, еңбекқорлыққа, мейірімділікке тәрбиелеуге әрекет етеміз. Ата-аналармен бірлесе отырып, балаларды ертегі, аңыз әңгімеге, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер айтуға, тіл байлығын, ой-өрісін, сөздік қорын байытамыз. Топтардың жасаған жылжымалы папкалары ата-аналар бұрышына қойылып, ұсынылсын.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қадағалансын
2. Балалардың өмірін ұйымдастыруда еңбек жүйелі жоспарланып, жүргізілсін.
3. Ата-аналарға арналған жылжымалы папкалар, ата-аналарға ұсынылсын.

Төрайымы:  К.Танирбергенова

Хатшы:  Е.Бердешова

Өндірістік кеңестің №4 хаттамасы

16.05.2018ж

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Жазғы сауықтыру іс-шараларын бекіту
3. Медициналық кеңестер
4. Жазғы жөндеу жұмыстары

Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы

Сөйледі: *К.Кубекбаева балабақша әдіскері әр топта халықтық педагогикаға арналған жылжымалы папкалар жасалып, ата-аналарға ұсыныс, кеңестер берілді. Балаларға арналған санамақтар, жаңылтпаштар, аңыз әңгімелер, ертегілер мазмұны берілген жылжымалы папкалардың көмегі тиді. Олар өздері білетін түрлерін де үйде естеріне түсіріп, балаларға айтып берген. Ата-аналар күнделікті күйбең тірлікпен айналысып, балалар тәрбиесіне уақыт таба бермейді. Педагогикалық білім мен психологиялық қолдау көрсету біздің міндетіміз. Сонымен бірге кейбір ата-аналар балалардың өзі атқаратын нәрселерін де өздері жасауға әрекеттенеді. Өзіне-өзі қызмет етуге, тапсырма беруді ұмытады, тиянақтамайды. Ал, кейбір балалар тапсырманы тез уақытта орындайды. Кезекшілік атқарады, топтағы ойыншықтарды жуып, реттейді, табиғат бұрышындағы жануарлар мен құстарға жем береді, қамқорлық етеді, Сонымен бірге еңбек сыртта да жоспарланып өткізіледі. Аула тазалығы, гүлдерді сугару, арам шөптерін жұлуды, аула сыпырушыға көмектесу жұмыстары жүргізілуде.*

Тыңдалды: Жазғы сауықтыру іс-шараларын бекіту

Сөйледі: *К.Танирбергенова балабақша меңгерушісі міне, жаз да келіп жетті. Жыл бойығы тапсырмалардан, сабақтан балаларды кішкене босатып, жазға арналған сауықтыру шаралары мен қызықты, көңілді іс-шаралар жоспарланды. Жоспарлармен таныстым. Ойындарға көбірек көңіл бөліңіздер. Ойын түрлері түрленіп, отырсын. Дидактикалық, сюжеттік-рөлдік, қимылды ойындар, сөздік ойындар, табиғи материалдармен, спорттық ойындар, эстафеталық жарыстар, ұлттық ойындар, сахналау, қуыршақ театры, серуендер түгел қамтылуын тапсырамын. Ұйымдастыру кезінде ең бірінші балалар мен денсаулықтарыңыздың қауіпсіздігін, қолайлы, ыңғайлы болуын ескеріңіздер. Сауықтырулар шараларына үнемі медбикенің қатысуымен өткізуді тапсырамын деді.*

Тыңдалды: Медициналық кеңестер

Сөйледі: *А.Урунбасарова балабақша медбикесі балабақша қызметкерлеріне арналған кеңестер берді. Балалардың режимдік процестерге көзқарастарының дұрыс қалыптасуы үшін айналада тұрақты жағдайды қамтамасыз етуі, әрбір баланың жас ерекшелігін ескере отырып,*

мәдени-гигиеналық және еңбек дағдыларын қалыптастыру, емдік, сауықтыру, шараларына ата-аналардың үлес қосуына ықпал ету жөнінде айтып өтті.

Тыңдалды: Жазғы жөндеу жұмыстары

Сөйледі: К.Танирбергенова балабақша ғимаратының ішкі және сыртқы жерлерінде қажет етілетін жерлерін сыбап, ақтап, сырлау қажеттігін, жөндеу жұмыстары кезінде қауіпсіздік ережесін сақтауды тапсырды.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қажазалансын
2. Жазғы сауықтыру шаралары жоспар бойынша жүйелі жүргізілсін.
Жауапты А.Урунбасарова
3. Медбикенің кеңестері орындалсын.
4. Жазғы жөндеу жұмыстары жүргізілсін, қауіпсіздік ережесі сақталсын

Төрайымы
Хатшы




К.Танирбергенова
Е.Бердешова

Өндірістік кеңестік №1 Хаттамасы.

Қатысқандар 28

27.08.18.

Күн тәртібі

- 1.Өткен кеңестік шешімдерінің орындалуы.
- 2.Жаңа оқу жылына дайындық ,топ мөлшерін ,ойын алаңын безендіру.
- 3.Балалар тізімін анықтау және ерекшелігіне сай топтарға бөлу.
- 4.Мектепке дейінгі балалық шак.

Республикалық орталығының 2018 жылғы арналған ,балалар жарақатының алдын алу ,әдіскерлік ұсыныстармен толықтыру және бала өмірі мен денсаулығын қорғау,қызметкерлер өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау және де нұсқау беру.

Тыңдалды:Өткен кеңестік шешімдерінің орындалуы жөнінде Балабақша медбикесі А. Урунбасарова сөз алды.

Жаңа оқу жылы да басталып қалды жаңа маусымда түрлі шынықтыру шараларын ұйымдастырылды .Балаларға әсіресе су процедуралары,күммен ойындар қатты ұнайды.Жалпы процедуралардың дұрыс және кері әсеріне мән берілді .Ешқандай келеңсіз жағдайлар орын алған жоқ.

Сөйлегендер Ортаңғы топ тәрбиешісі: Аширбекова У- жалпы ауа ,су тазалығы -денсаулық кепілі екенін жақсы білеміз.Жас буынды табиғаттың берген сыйын аялауға,күтіп қорғауға деген ықылас ниетін бүлдіршін кезден тәрбиелеуіміз қажет деп ойламын.Сондай мақсатта «табиғатпен адам атты мерекелік іс-шаралар өткіздім деді.

Сонымен бірге ортаңғы тобының тәрбиешісі Жумаева З сөз алды -«Біз демалатын ауа» атты сауықтыру іс-шарасын ұйымдастырдым.Мақсаты:қимыл-қозғалыс арқылы ,сымбатты болып өсуіне ,қатты суыққа төзімді ,шыныққын шымыр болып өсуіне тәрбиелеу,адамның адам саулығына пайдасы,маңызы туралы,ауаның ластануы,салауатты өмір салты туралы түсініктерін қалыптастыру.

2.Тыңдалды :Жаңа оқу жылындағы дайындық жөнінде балабақша меңгерушісі К.Танирбергенова сөз алды .

-Балаларға жаңартылған мазмұнда ,жаңаша заманауи талапқа сай білім беруде көрнекі құралымыз,ойын алаңымыз болуы керек.Сапалы ,қауіпсіз болуын қарастырып ,қамтамасыз етілуі қажет.Топ бөлмелерін бес сала бойынша ,мазмұн міндеттеріне сай дамытушы орта материалдарын жаңартып,толықтыруды тапсырды.Ойын алаңдарын да топтарға бөліп,өздері ізденіп безендіруді тапсырды.

3.Тыңдалды: Балалар тізімін анықтау жас ерекшеліктеріне сай топқа бөлу жөнінде балабақша әдіскері .Исабекова Қ сөз алды.

Бізде балабақшада екі ортаңғы топ ,4-5 жастағы балалар бар ,олар 5-ке толғандары бар,барлығы25 бала мектепке өтеді.Ортаңғы топтағы балаларды ата-аналар қаласа мектепке мектеп алды даярлық торбына беруі мүмкін .Ата-аналармен тығыз байланысты болып ,анықтап кезекте тұрған балаларды жолдамаға жіберіп балаларды жас ерекшеліктеріне сай топтап алдық .Ата-аналардың өтініштерін реттестіріп ,мектепке кеткен балалардың орнына жаңадан балалар қабылдап реттеп алдық.

4.Тыңдалды:Республикалық «Мектепке дейінгі балалық шақ» орталығының әдістемелік ұсынымымен таныстыру ,және қауіпсіздік ережесін сақтау ерекшелігіне балабақша меңгерушісі К. Танирбергенова сөз алды .
-Біздің басты міндетіміз баланың аман-есендігі,денсаулығы. Жаңа оқу жылына арналған «Балалар жарақатының алдын алу әдістемелік ұсынымы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің ұсынуымен келген.Балалар жарақаты жылдан жылға кемудің орнына керісінше өсуде,сондықтан өзекті мәселе болып табылады. Балалардың жарақатын алдын алу жас ерекшелігіне сай өмірлік тәжірибесінің болмауына ,көп қимыл –қозғалыс жасауына байланысты болады.Балабақшада баланың зақымдануының себебі ересектердің бақылауы аз болуынан болады.Әдістемелік ұсынымның да мақсаты сол бізге, демек мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтарына балалар жарақатының алдын-алуда ұйымдастыруда әдістемелік көмек көрсету.Онда жарақат түрлері ,жарақаттың алдын алу жолдары,балаларды қауіпсіз мінез құлықты тәрбиелеу жолдары ,жас ерекшеліктеріне сай және қандай заттық кеңестік дамытушылық орта арқылы ұйымдастыру туралы мағлұмат алуға болатынын айтып өтті .Әдістемелік ұсынымды толық оқып танысуды тапсырды

Шешім:

- 1.Топ бөлмелерін ойын алаңдарын жаңа оқу жылына безендіру ,аяқтау толықтыру . Жауапты әдіскер Б.Исабекова,тәрбиешілер ,қызметкерлер ,шаруа меңгерушісі.Мерзімі: 09.09.2018.
- 2.Балалар тізімі ортаңғы тобы -2 топ,бала саны 52,II-кіші топ -1,I-кіші топ -1,ерте жас тобы-1 топ болып ,топталып бекітілген .Жауапты әдіскер:Б.Исабекова .
- 3.Әдістемелік ұсыным бойынша.Балалардың жарақат алу түрлерінің алдын алу,ұйымдастыру жұмыстары жүргізілуі.Жауаптылар әдіскер Б.Исабекова медбике,тәрбиешілер.

Төрайымы



К.Танирбергенова

Хатшы



Е.Бердешова

Өндірістік кеңестің кезектен тыс хаттамасы

Қатысқандар 28

08.10.2018ж

Күн тәртібі

1.Қазақстан Республикасының презеденті Н.Ә .Назарбаевтың

2018жылдың 5қазан күні жолдаған «Қазақстандықтардың әл –ауқатының өсуі бтабыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты жолдауымен танысу,талқылау.

1.Тыңдалды Балабақша меңгерушісі К.Танирбергенова сөз алды

Құрметті әріптестер,5-қазан күні Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев халыққа, «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты жолдауын жасады.Әрине еліміздің экономикасы дамып, бейбітшілікте өмір сүрудеміз.Үш жыл бұрын 100 нақты қадам Ұлт жоспарын жарнамалап содаң соң еліміз үшінші –жаңғыруды бастан өткіздік деді.

Елбасымыз Қазақстандықтардың әл-ауқаты тұрмыс сапасы жөнінде «Адам еңбекқор болып,кәсібін жақсы көріп меңгергенде немесе жеке кәсіп ашып оны домалатуға мүмкіндік болған кезде табыс артады»деді және 2019жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақы1,5 есеге артады ,яғни 42мың теңгеге өсетінін айтты .Сонымен бірге тұрмыс сапасын артырудың екінші сипаты-өмір сүру денгейін арттыру –ол білім берудің денсаулық сақтаудың,тұрғын үйдің сапасы, қауіпсіз жағдайда өмір сүрудің мәселелерін,мектепке дейінгі білім беру сапасын жақсартуды қарастыруды тапсырды.Өйткені мектеп жасына дейінгі балалардың сол сәби кезінен ойлау негіздері ақыл +ойы шығармашылық қабілеттері,дағдылары қалыптасатынын атап көрсетті деді.

Сөйлегендер: тәрбиеші Е.Бердешова- Елбасымыз жолдауында егжей-тегжейіне дейін көп нәрсені түсіндірді.Жеке кәсіпкерлерге отандық өнімдерді көбейтуге кедергілер болмайтынын және білім сапасын арттыру ,инновациялық ғылыми зерттеу ұсыныстарды қолдаймын делінген.

Балалабақша әдіскері Б.Исабекова- Елбасымыз педагог мәртебесі туралы заңды әзірлеуге қажет деп атап өткені маған әсер етті. Ұстазды сыйлап өскен ұрпақпыз ,ұлттың келешек ұрпағын тәрбиелеп отырған ұстаздар мәртебесі биік болса, ұлтымыздың да мәртебесі тәрбиесі биік болары анық және балабақша қызметкерлерінің жұмысы қиын ,айлығы аз екенін білеміз.Еңбекақыны төлеу жүйесін қайта қаралуын қажет екенін айтты. Ұжымды Елбасымыздың жолдауын қолдап ,алдағы уақытта

бүлдіршіндерімізге сапалы білім беріп, адами қасиеттерді, дағдыларды қалыптастыруға шақырамын деді.

Шешім :

Елбасымыздың жолдауын қолдап, балаларға сапалы білім саналы тәрбие беруде жүйелі жұмыс, тәрбие беруге де жүйелі жұмыс жүргізу керек. Жауаптылар: Барлық ұжым қызметкерлері.

Төрайымы:  К.Танирбергенова

Хатшы:  Е.Бердешова

Сүйеніштеріңізге
Қызыл қалың
Елбасымыз
Беруде жүріңіз
Жауаптылар

Өндірістік кеңестің №2 хаттамасы

Қатысқандар 28

03.12.18ж

Күн тәртібі:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
- 2.Жылу мәселесі
- 3.Балабақша ғимаратының дәліздерін,кабинеттер,залдың безендірілуін,қажетті материалдармен толықтырылуы қамтамасыз ету

1.Тыңдалды : Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі К.Танирбергенова сөз алды:

Балаларға қауіпсіз жағдай жасау,туындату, бақылау- үлкендердің міндеті десекте,назардан тыс қалып елімізде көптеген жайсыз оқиғалар орын алуда. Ата-аналармен күнделікті кездесу кезінде, уақытты пайдаланып кеңестер беріп,әңгімелер өткізіп,жиі-жиі мысалдар келтіріп,қауіпсіздіктің алдын алу жұмыстарын жүргізудеміз,әрі қарай жалғастырамыз.Видео-роликтер,суреттер жинақтап ұсынамыз,ата-аналармен группаға салып бөлісеміз. Балаларға толық жағдай жасалып,қамтамасыз етеміз деді.

Ал, балалар жөнінде балабақшаға қабылдау келешекте SITCEN балабақша ашып, запрос жіберіледі,электронды түрде операциялар орындалады.Бос орындар жарияланатын болады.Құжаттар сканерленіп,базаға тіркеледі деді.

2.Тыңдалды: Жылу мәселесі жөнінде балабақша меңгерушісі К.Танирбергенова тоқталып өтті.

Жоғарыда айтылғандай балаларға толық жағдай жасалу керек және бөлме жылуы +20-22градустан төмен болмауы қажет.Қауіпсіздік ережесін электр тоғына қосылатын жылыту пештерінде қосу.

Балалар үнемі қимыл-қозғалыста болатынын білеміз, сақ болуды тапсырамын.

Бөлме жылуын бірқалыпты +20-22градуста сақталуын, қадағалауды медбике А.Урунбасароваға тапсырамын деді.

3.Тыңдалды:Күн тәртібіндегі келесі мәселе жөнінде де балабақша меңгерушісі К.Танирбергенова ұжыммен ақылдаса отырып,тапсырмалар берді.

Сөйлегендер: Балабақша шаруа меңгерушісі Ахметова Д :

Балабақшамыздың ғимараты ыңғайластырылған болғанмен дегенмен дәліздердің безендіруін жаңартып, баспалдақтарға ашық түсті бояу жағып, гүлдер салсақ жақсы көрініп, реңін ашады, қабырғадағы суреттерді де өзгертуді ұсынамын деді.

У.Аширбекова: Біздің топтың кіре беріс дәліздеріне түрлі суреттер де іліп гүлдер жапсырып, әсемдеп қоюымыз керек. Суретті жақсы салатын Жумаева З мен Жаңбырбай Б жүктелсе, басқалар көмектесеміз деді.

Сөйледі. Балабақша меңгерушісі К.Танирбергенова-Залды безендіру әдіскер Б.Исабекова мен тәрбиешілер жауапты. Залды концерттік бағдарламаның мазмұнына сәйкес төрт түрлі пердеге мазмұнды көрініс жасауға тәрбиешілер және сазгер С.Бердалиеваға жүктелді.

Шешім:

1. Бөлмелердің жылулық температурасы 20-22 градус күнделікті сақталуын қадағалау. Жауапты медбике А.Урунбасарова

2.. Суретті жақсы салатын Жумаева З мен Жаңбырбай Б жүктелсе, залды безендіру әдіскер Б.Исабекова мен тәрбиешілер жауапты.

Залды концерттік бағдарламаның мазмұнына сәйкес төрт түрлі пердеге мазмұнды көрініс жасауға тәрбиешілер және сазгер С.Бердалиеваға жүктелді.

Төрайымы:



К.Танирбергенова

Хатшы :



Е.Бердешова

Төрайымы:

Хатшы:

Өндірістік кеңестің №3 хаттамасы

Қатысқандар :26

04.03.2019ж

Күн тәртібі

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы .
- 2.Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың қызметкерлеріне арналған,ата-аналарға арналған жаднама туралы .
- 3.Балабақша ауласын көгалдандыру және тазалық жөнінде.

1.Тыңдалды:Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша медбикесі Урунбасарова А тоқталып өтті.

Барлық бөлмелердің жылулық температурасы +20-22 төмендемеуі қадағалануда .Пештер жақсы жұмыс істеп тұр.Ешқандай келеңсіз жағдайлар орын алған жоқ.Бөлмелер таңертеңгі уақытта желдетіліп,ауасын тазартып, ылғалдандыру,тазарту жұмыстары жүргізілуде.Балалардың қатысу деңгейі өте жақсы 100% десек де болады.Дәліздерді сырлау ,безендіру жұмыстары жақсы,сапалы,ретімен аяқталды.Ынтымақтастық танытқаны үшін алғысын білдірді.

2.Тыңдалды:Балабақша меңгерушісі Танирбергенова К.-Балалардың құқықтарын бұзушылыққа (балаға қол көтеру,қараусыз қалдыру,денесін жарақаттау сияқты),техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтамауға қатысты фактілердің жиілеуіне байланысты балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау міндетін іске асыру ,балалардың қауіпсіздігі жағдайларын қамтамасыз ету қызметкерлердің жауапкершілігін күшейту мақсатында «Ата-аналардың және мектепке дейінгі ұйымдардың қызметкерлерінің балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауға ,қауіпсіздігіне жауапкершіліктері туралы» жадынама мазмұнымен таныстырып өтті.

Онда әрбір қызметкер сақтауы білуі тиісті күтпеген жағдай туындағанда балалардың қауіпсіздігін сақтауда не істеу қажеттігі ,кімге хабарлап,не әрекет етуі ,балаларды үлкендердің қарауынсыз қалдырмау ,күндізгі,түнгі ұйқы кезінде балалардың жанында үлкендердің болуы міндетті.Әкімшіліктің рұқсатынсыз балабақша ауласынан тыс жерге серуендеуге тиым салынады.Топ бөлмелерінде улы және тікенді өсімдіктер ұстауға болмайды,өткір ,үштік заттарды,дәрі-дәрмектерді ,зарарсыздандыру құралдарын балалардың қолы жетпейтін жерде,жабық орында сақталуын тапсырды.

Ата-аналарға арналған жадынамада: өрт қауіпсіздігін сақтау, жол ережесінің бұзылуы, өзен-көлдерде шомылу, жұқа мұзда сырғанау, табиғатта улану, тағамдардан улану және бөтен адамдармен қарым-қатынас жасамауға үйрету, ата-ананың телефон нөмерін білуі тиіс, болса сөмкелерін, қалталарын тексеріп тұру, ұялы телефон, қымбат заттар балаға бермеу және тағы да басқа жағдайларға мән беру керектігі көрсетілген, ата-аналарға жадынама түсіндіріліп, тарқатылуы тапсырылды.

3. Тыңдалды: Күн тәртібіндегі келесі мәселе балабақша ауласын көгалдандыру және тазарту жөнінде балабақша меңгерушісі аулаға көшеттер, гүлдер егіп, арықтарды тазарту, арам шөптерден тазарту, көркейту жұмыстарын жүргізу, сенбіліктер ұйымдастыру жөнінде тапсырмалар берді. Жауаптыларды белгіледі.

Шешім.

1. Балалардың қауіпсіздігі қатаң сақталсын, ережелер мен жадынамалар таныстырылып, ата-аналарға түсіндіріліп, тарқатылсын. Жауаптылар: Медбике А. Урунбасарова, әдіскер Б. Исабекова, тәрбиешілер.

2. Балабақша ауласына көшеттер отырғызу, тазалау қажет. Жауаптылар: шаруа меңгерушісі, медбике, көмекші тәрбиешілер.

Төрайымы:



К.Танирбергенова

Хатшы:



Е.Бердешова

Өндірістік кеңестің кезектен тыс хаттамасы

Қатысқандар:28

13.03.2019ж

Күн тәртібі

1.Әлеуметтік-әріптестік жөніндегі 2019-2021жылдарға арналған ұжымдық шарт-ережелерімен таныстыру,талқылау.

1.Тыңдалды:Балабақша меңгерушісі Танирбергенова К әлеуметтік-әріптестік жөніндегі 2019-2021жылдарға арналған ұжымдықшарт ережелерімен ,екі тараптар жұмыс берушінің атынан балабақша меңгерушісі Танирбергенова Кулзира жұмыскерлер атынан бастауыш кәсіподақ атынан бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы Е.Бердешова белгіленіп,жұмыскерлер тараптарының міндеттері мен жұмыс берушінің міндеттерімен ,ҚР білім беруді дамытудың 2018-2019жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудың негізгі бағыттарымен ,еңбек қатынастарымен, еңбек ақы төлеу және еңбек нормаларын жұмыс уақыты және тынығу уақытымен ,қызметкерлерді кәсіптік даярлау ,біліктілігін арттырудағы міндеттерімен қызметкерлерді жұмыстан босату және жұмысқа орналастыру ,кепілдіктер мен өтемақылар ,еңбекті және денсаулықты қорғау,кадрлық әлеуетті дамыту,кәсіподақ кепілдіктерімен ,ұжымдық-шарттық орындалуының бақылауға алынатыны жөнінде таныстырып өтті.

Қызметкерлер Ұжымдық шартпен танысып,бір ауыздан келісетіндерін білдірді.

Шешім:

1.2019-2021жылдарға арналған Ұжымдық шарт ережелері сақталып жұмыс жүргізілсін

Төрайымы:



К.Танирбергенова

Хатшы:



Е.Бердешова

Өндірістік кеңестің №4 хаттамасы

23.05.2019.

Күн тәртібі.

1.Өткен кеңестік шешімдерінің орындалуы жөнінде .

2.Жазғы сауықтыру шараларын бекіту.

3.Медициналық кеңестер.

4.Жазғы жөндеу жұмыстары жөнінде.

1.Тыңдалды :Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі К.Танирбергенова сөз алды:

-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында денсаулық білім беру саласының мазмұны баланың өзі және айналасындағылар өмірде кездесуі мүмкін тосын жағдайларда қауіпсіздік шараларын қолдануға үйренуі .Денсаулығын сақтауға ,нығайтуға қатысты құмды тәжірибе жинақтауы керек.Алдымыз жаз,балаларға қауіпті жағдайлар туындататын,жануарлар ,жәндіктер ,өсімдіктерден сақ болуымыз қажет .Барыншы сақ болуды тапасырамын деді.

2.Тыңдалды :Жазғы сауықтыру шаралары жөнінде балабақша меңгерушісі К.Танирбергенова таныстырып,жауапты қызметкерлер бекітілді.

Баланы қоршаған әлем ,табиғат баланың бүкіл өміріне ,ақылы мен жан дүниесіне зор әсер етеді .Сондықтан балабақшада ,балалардың қоршаған әлемді тану үдірісін қызықты ,әдемі қауіпсіз етіп ұйымдастыру керек.Бала өзінің қауіпсіздігін ғана емес ,кұрдастарының ,жан-жақтығы адамдар,өсімдіктер жануарлар қауіпсіздігі үшін жауапты екенін түсінетіндей әдіс-тәсілдермен жұмыс жүргізуіміз керек.Өтетін жаз бойы жоспарланған іс-шаралар мазмұн мақсаты да ,осыған негізделген .Балаларды шынықтыруға,ақыл ой-өрісін ,қимылын танымын,зерттеушілік қызығушылық арттатын ойындар күнделікті және жоспарланған .Жауапты қызметкерлер бекітілді.Іс-шаралардың кезінде ,қауіпсіз жағдайлар ұйымдастырылуына әдіскер Б.Исабекова мен медбике А.Урунбасарова, тәрбиешілер жауапты екенін айтты.

3.Тыңдалды :Келесі мәселеде медбике А.Урунбасарова жазғы мезгілде сақтану ,алдын алу туралы «Мұрыннан қан кету» және Балалардағы жіті ішек жұқпалы аурулары туралы кеңестер беріп өтті.Мұрыннан қан кетудің себептері (себебі қыс бен көктемде ,организм бұл кезеңде вирустық жұқпалардың алдында дәрменсіз .Дәрумен тапшылығынан болады .Бұндай кезде дәруменді көп жеп ,поливитаминдер қабылдау керек.Қан кеткенде тоқтату үшін басты шалқайтып орындыққа отыру немесе адамды шалқасынан жатқызу керек. Мұрын мен кеңсірікке қар немесе мұз басу,суық су құйған ыдыс ,суға малынған шүберек болу керек.

Ал, балалардағы ішік жұқпалары –кезінде ас қорыту жолын зақымдайтын ,ортамыздың сусыздануына алып келетін жұқпалы ауыру тобы ішек жұқпалы аурулардың түрлері туралы жалпы мәліметтерімен ,себептерімен ,белгілерімен ,жіктелуімен таныстырып ,алдағы уақытта осыған мән беріп,ата-аналарға түсіндіріп өтуді ,жұмыс жүргізуді ұсынды.

4.Тыңдалды Балабақша меңгерушісі К.Танирбергенова балабақшаның қажетті жерлерін жөндеу жұмыстарын жүргізуді тапсырды.

Шешім:

1.Жазғы масым іс-шараларын ,қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып ,жауапкершілікпен өткіземін .Жауаптылар ,тәрбиешілер;

2.Медбике Урунбасарова ,кеңестерімен алдын-алу жұмыстары жүргіземін жауапты медбике: А.Урунбасарова.Тәрбиешілер.

3.Балабақша бөлмелерінің қажетті жерлерін ақталып,жөндеу жұмыстарын жүргіземін .Жауапты : шаруа меңгерушісі

Төрайымы :



К.Танирбергенова

Хатшы:



Е.Бердешова

Өндірістік кеңестің №1 Хаттамасы.

Қатысқандар : 28

23.08.2019.ж

Күн тәртібі.

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
- 2.Спорттық құралдарды толықтыру, жаңа оқу жылына дайындық.
- 3.Балалар тізімін анықтау ,балаларды жас ерекшелігіне сай болу.
- 4.Бала қауіпсіздігі және қызметкерлердің өз қауіпсіздігі туралы нұсқау жүргізу.

1.Тыңдалды : Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі К.Танирбергенова сөз алды.

Жазғы маусым өз қызығымен , жылулығымен келсе де, атқарар іс-шараларымыз көп болды. Балалар еркін ойнап шынығып , таза ауада серуендеп бойлары өсіп қалды. Жаңа оқу жылына ғимараттың қажетті жерлері ақталып, сырланды. Құралдарды ұқыпты пайдалануды тапсырамын деді.

2.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі К. Танирбергенова сөз алды

Мектепке дейінгі ұйымның басты міндеттерінің бірі- бала өмірін қорғау және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңестік дамытушы орта құру. Ал спорттық ойындарға арналған құралдар да балаларға қауіпсіз, ыңғайлы, бала санына жеткілікті, жас ерекшелігіне тура келуі керек. Спорттық құралдар ретінде велосипед, кеглилер , самакат, секіртпелер , шана, доптар, құрсауларды толықтыру керек. Сонымен бірге суда жүзу құралы баллондар қажет. Құралдарды орынды пайдаланып , ұқыпты болуымыз керек. Егер келісіп жатса , ата-аналар да демеушілік жасап жатса, қарсы емеспіз. Ата-аналармен де түсіндіру жұмыстары дұрыс ұйымдастырылып жолға қойылса. Балалардың дене қимылын дамыту шаралары жөнінде түсіндірме жұмыстар, кеңестер тапсырамын деді.

3.Тыңдалды: Балаларды жас ерекшелігіне сай топтарға бөлу, ситценге тіркеу, тізімдерін анықтау жөнінде балабақша әдіскері К.Кубекбаева түсіндіріп өтті. Балаларды жаңа оқу жылына топтауда тәрбиешілері топтарға, ересектер пен ортаңғы топ балаларының мектепке кететіндерін анықтап, ата-аналармен әңгімелесуді тапсырды.

Қалатын балаларды анықтап қайсы топқа бала жетпесе кезекте тұрған балаларды қабылдау басталатынын жасына қарай топтау 2-3жас емес 1қыркүйекте 2-ге толған 2жасар болуы тиісті, 3жас 4жас 5жастағы балалар да солай, Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жұмыс жүргізу, оқу тәрбие үдерісін жүргізуде бала жасына лайықты болуы тиіс деп түсіндірді.

4.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі К.Танирбергенова оқу-тәрбие үдерісі кезінде балабақшада жалпы балалар қауіпсіздігі мен қызметкердің өз қауіпсіздігін сақтау туралы нұсқаулықтар беріп өтті.Қауіптілікті және қауіпті тудыратын жағдайлардың алдын алу,ұқыпты болу, жауапкершілікті сезіну, талап-ережелерді қатаң сақтап орындауды тапсырды. Ғимаратта өрт сөндіруші құралдардың өз орнында болуы, пайдалану, қолдану жұмыстары екі реттен кем емес тексерістен өткізуді тапсырды.

Шешім:

1.Барлық топтарды жас ерекшелігіне сай спорттық құралдарды толықтыру1.09.2019 жылға дейін жауапты: шаруа меңгерушісі, тәрбиешілер, меңгеруші К.Танирбергенова

2. Балаларды жас ерекшелігіне қарай 29.08-ге дейін балалар тізімін анықтау. Жауапты тәрбиешілер, әдіскер К.Кубекбаева

Төрайымы:

Хатшы:



К.Танирбергенова



Е.Бердешова

Өндірістік кеңестің №2 хаттамасы

Қатысқандар:28
10.12.2019ж

Күн тәртібі:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
- 2.Жылу мәселесі
- 3.Балалардың денсаулығын сақтау мен шынықтыру мақсатында сауықтыру шараларына арналған құралдар

1.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі К.Танирбергенова жалпы балабақшадағы оқу-тәрбие үдерісіне, балалар тізіміне қатысуына, себеп-салдарына жас ерекшеліктеріне қажетті құралдар мен оқу құралдары дамытушы ортаға қатысатын талаптар балабақша қызметкерлерінің өз міндеттерін дұрыс атқаруына, жауапкершілікпен атқаруды тапсырды.

2.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі К.Танирбергенова қызметкерлермен балабақшада жылу жүйесі іске қосылғанда сақталатын қауіпсіздік ережесіне тоқталды Қауіптілікке жіті қауіпті жағдайлар тудыратын жағдайларды байқаған жағдайда басшыларды жедел түрде хабардар ету. Жылу жүйесінің қауіпсіздік ережелерімен танысып, меңгеру. Электр тоғына қосылатын құралдарды пайдаланбау, жылу жүйесінен су кеткен жағдайда, тосын жағдайда өмір қауіпсіздігінің ережелерін сақтай білуге дайын болу. Балаларды жылу жүйесіне рұқсатсыз тиіспеуге дағдыландыру, қадағалау. От жағушы жалпы жағдайы туралы баяндап тұруға тиісті. Медбике топ жылуы $t+22$ градус сақталуын қадағалау. Электр сымдарының өшіргіштер мен резеткалардың жағдайын қадағалау. Балаларға жылу жүйесіне электр тоғы үлкендердің рұқсатынсыз қауіпті екенін түсіндіру керектігін айтты.

3.Тыңдалды : Балабақша әдіскері К.Кубекбаева балабақша қызметкерлеріне балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту мақсатында сауықтыру шараларына арналған құралдар жасау ,тұрмыстық-қалдық заттарды пайдалана отырып ,пайдалы заттар жасауға шақырды ,тапсырды Әрбір тәрбиеші, тәрбиешісінің көмекшісі бір-бір құралдар жасау сапалы,көрнекі болуы тиіс деді.

Шешім.

1. Бала тәрбиесінде әрбір қызметкер өз міндеттерін жауапкершілікпен атқарсын. Жауаптылыр : барлық қызметкер

2. Жылу жүйесі кезінде қауіпсіздік ережесін сақтау , бөлме жылуы 20-22 градуста сақталуын қадағалау. Жауапты: Медбике А. Урунбасарова

3. Сауықтыру шарасына арналған құралдар жасау әрбір қызметкер 13-желтоқсанға дейін дайындап, өткізу. Жауаптылар: барлық қызметкер.

Төрайымы:



К.Танирбергенова

Хатшы:



Е.Бердешова

Өндірістік кеңестің кезектен тыс хаттамасы

Қатысқандар: 28

04.02.2020

Күн тәртібі:

1. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауымен танысу, талқылау.

Сөйледі: Балабақша меңгерушісі К.Танирбергенова сөз алды: Құрметті әріптестер, ұжым мемлекет басшысы Қ.Тоқаев өз жолдауын жасады. Қ.Тоқаев еліміздің тәуелсіз мемлекет болып жарияланғаны, тұңғыш президентіміз Н.Назарбаевтың басшылығымен еліміз әлемдегі беделді, әрі орнықты мемлекетке айналатынын Назарбаев моделі қазір бізге Тәуелсіздіктің жетістіктерін еселеп, еліміз дамудың жаңа сапалы кезеңіне шығару мүмкіндігін беріп отырғанын айтты. Еліміздің қарқынды дамуына Елбасы саяхатының сабақтастығын сақтай отырып, жүйелі реформалар жүргізетінін, сайлау алдындағы бағдарламасында халыққа берген уәдесін міндетті түрде орындайтынын айта отырып 5 сағатта өзінің ой пікірлеріне тоқталды деп таныстырып өтті.

Сөйлегендер: Балабақша әдіскері К.Кубекбаева жолдаудың 4 бағытында айтылған әлеуметтік жаңғыру пікірі бойынша балабақшада дарынды балалардың қабылетін одан әрі дамытуға балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау ерекше қажеттіліктері бар балаларға көңіл бөліп, жағдай жасауға өз жұмысымызда баса назар аударуымыз қажеттілігін айтты.

Сөйлегендер: Балабақша тәрбиеші көмекшілері, көп балалы аналар Р.Үсенова, А.Абдирашева Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың бастамалары орындалып жатқанына ризалығын білдірді.

Шешім

1. Елбасымыздың жолдауына сенім білдіреміз және қолдаймыз

Жауапты: балабақша меңгерушісі К.Танирбергенова

Төрайымы:



К.Танирбергенова

Хатшы:



К.Кубекбаева

11.03 .2020ж

Күн тәртібі:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалу жөнінде
- 2.Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың қызметкерлеріне, ата-аналарға арналған Жадынама
- 3.Балабақшаның ауласын көгалдандыру, тазалық жөнінде.

1.Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі К.Танирбергенова өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті. Елбасымыздың халқына жасаған жолдауындағы тапсырмаларындағы басты мақсат мүдде еліміздің тілін, дінін, мәдениетін, жерін бағалайтын, ұрпақ тәрбиелеу, басқа ұлттармен бәсекеге түсуге, қабілетті, білімді, жігерлі тұлға тәрбиелеу. Педагог азаматтарымыз бір ұлттың келешегін тәрбиелеп отырғанын естен шығармауға тиісті.. Сол білімнің алғашқы дәндері балабақшада қалыптасатынын білеміз. Жақсы дағдыларды, мінез- құлық, таным , ақыл- ой өрісінің дамуы, әлеуметке енуі, ережеге, тәртіпке бағынуы, тазалыққа бейімделуі, қимыл іс- әрекетінің дамуы барлығы , сіздердің қадағалауыңызбен оқу- тәрбие үдерісі кезінде іске асырылады.

2.Тыңдалды:

Келесі мәселе жөнінде балабақша әдіскері К.Кубекбаева сөз алды. Оқу тәрбие үдерісінің барысында ,балалардың өмірін ұйымдастыру кезінде серуенде ,табиғат бұрышында,аулада балалармен еңбек жоспарланады.Өзі өзіне қызмет көрсетуге тәрбиелейміз. Балаларды балабақшаның тазалығына көңілін бөліп, үлкендер жұмысына мән беріп сыйлауға шақырамыз. Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеуіміз кажет.Дегенменде балалардың қауіпсіздігін біз бірінші орынға қоюымыз керек.

Ата-аналар мен қызметкерлерге арналған жадынамамен таныстырып ,оқып шықты

Жедел қызметтердің деректері бойынша мектеп жасына дейінгі балалардың жарақаттануы және қаза болуы көбінесе өрт шығу, жол жүру ережелерінің бұзылуы, өзен-көлдерде шомылу, жұқа мұзда конькимен сырғанау, ойын кезінде орын алады. Қауіп табиғи апаттардан, уландырғыш

заттардан, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасаудан және т.б. туындайды.

Балалардың кешенді қауіпсіздігін қамтамасыз ету – ата-аналар мен мектепке дейінгі ұйымдардың негізгі міндеті.

Күнделікті өмірде балаларды қауіпсіздік дағдыларына үйрету қажет:

— баламен әңгімелесіңіз, өмірді сақтауға көмектесетін ережелерді түсіндіріңіз;

— балаларға тұрмыста, көшеде және жолда өзі-өзі дұрыс ұстауға үйретуде үлгі көрсетіңіз;

— мектепке дейінгі ұйыммен байланыста болыңыз: топ тәрбиешілерінің, әдіскердің, мектепке дейінгі ұйым басшысының байланыс телефондарын жазып алыңыз;

— баланың күні бойы қай жерде жүргенін білу қажет: бала тәулігіне 24 сағат ата-аналардың бақылауында, қамқорлығы мен назарында болуы тиіс;

— балаларды ересектердің қарауынсыз қалдырмаңыз, балалардың уақыты немен өтетінін бақылаңыз;

— балаға бейтаныс адамдармен сөйлесуге рұқсат бермеңіз;

— өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтаңыз, тұрмыстық құралдардың, оның ішінде электр жылытқыштардың, басқа да электр жабдықтарының, пештің дұрыс жұмыс істеуін және пайдаланылуын қадағалаңыз;

— көлік жүретін жолға назар аудара отырып, мектепке дейінгі ұйымға дейінгі ең қауіпсіз маршрутты таңдаңыз;

— балаларды жолда жүру ережелеріне үйретіңіз, оларды жолда және қоғамдық көлікте мұқият болуға үйретіңіз;

— қылмыстық жағдайға жол бермеу үшін балаға бағалы заттарды (ұялы телефон, қомақты ақша, зергерлік бұйымдар және т. б.) және мектепке дейінгі ұйымға тамақ апаруға рұқсат бермеңіз;

— балалардың қалталарын, иық сөмкелерін тексеріңіз, балалардың киімінде түйреуіштер болмауы тиіс;

— балалармен ойын немесе спорт алаңдарында болғанда, қауіпсіздік талаптарын сақтаңыз;

— мектепке дейінгі ересек жастағы балалар үйдің мекенжайын, телефонын, ата-анасының аты-жөнін білуі тиіс;

— төтенше жағдайларда 101 – өртке қарсы қызмет, 102 – полиция, 103 – жедел көмек, 104 – газ қызметі телефондарына хабарласыңыз

3.Тыңдалды:

Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі К.Танирбергенова сөз алды.

Көктем мезгілінің келуіне байланысты ауланы тазалап,көгалдандыру жұмыстарын жүргізу керек.Жылда истелип жатқан жұмыстар,сондықтан да шаруа меңгерушісі және медбике А.Урунбасаровамен бірігіп,ұжымды ұйымдастырып, ауланы көгалдандыру жұмыстарымен айналыссын.Түрлі гүлдер егіп,жеміс ағаштардың түптерін ақтап,бұтап,артық қураған ағаштардан тазарту қажет

Шешім:

1. Өткен шешімнің орындалуы қадағалансын.Жауапты:әдіскер К.Кубекбаева
2. Барлық қызметкерлер балалардың қауіпсіз болуын,қауіпсіздік ережесін қатаң сақтауын басты назарға алсын.Жауаптылар :Барлық ұжым қызметкерлері
3. Ауланы көгалдандыру жұмыстары жүргізілсін.Жауапты .Шаруа меңгерушісі мен медбике А.Урунбасарова

Төрайымы:



К.Танирбергенова

Хатшы:



Е.Бердешова

Кезектен тыс өткізілген өндірістік кеңестік хаттамасы

Жалпы қызметкерлер саны: 28

Қатысқандар:28

20.03.2020ж

Күн тәртібінде :

1.Түркістан облысында төтенше жағдай режимінің енуі туралы

2.Кезекшілер кестесін түзу

1.Тыңдалды

Балабақша меңгерушісі Танирбергенова Кулзира Кенжетайқызы Жетісай ауданының білім бөліміне облыс әкімі Ө.Шөкеевтің төрағалығымен 2020жылғы 18 наурызда өткізілген,Түркістан облысының аумағында төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөнінде өңірлік комиссия отырысының №2- хаттамалық тапсырмасының 5-тармағына сәйкес ,облыс бойынша барлық мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жұмыстары уақытша 20 наурыздан тоқтатылатындығы туралы келген хат-хабар келгені жөнінде қызметкерлерге таныстырылып,түсіндіріліп өтті .Алдағы уақытта балабақша қарауылы мен меңгерушісі күнделікті қызметінде болады ,қызметкерлерге қажетті жағдайда хабар беріледі.Кезекшілер кестесі түзілетінін айтты.

Сөйлегендер :

Балабақша әдіскері К.Кубекбаева –дуние жүзіне келген індет бәрімізді алаңдатып отыр .Елімізде жарияланып отырған төтенше жағдай мәселесі өте сақтықпен жауапкершілікті талап етеді. Коронавирус өршіп, бүкіл дуние жүзіне қауіп төндіріп тұр.Еңбек ақымыз толық сақталады.Сыртқа көп шықпауымыз керек.

Басқада қызметкерлер әлеуметтік желілердегі коронавирустің қауіптері туралы , адам өлімі көбейіп отырғандығы уайым тудыратын жағдай деп өз қорқыныштарымен ,сақтану шаралары туралы айтып өтті .

Медбике А.Урунбасарова сөз алды :Құрметті ата –аналар ,балаларымыздың, келешегін ойлайық көпшілік жерге бармаңыздар көшеде тек маскада , перчаткада шығуларыңызға кеңес беремін.

Балаларыңыздың ,өздеріңіздің имунитеттеріңіз түсіп кетпес үшін уақытында тамақтанып , дәрумендерді көбірек пайдалануды ұсынамын деді.

Шешім :

- Балабақша жұмысы уақытша тоқтатылып, қызметкерлермен ватцап желісінде байланыста болуын ұйымдастыру әдіскер К.Кубекбаеваға жүктелсін . Жауапты : әдіскер К.Кубекбаева
- Кезекшілер кестесі түзіліп қызметкерлер үнемі ватцап желісінде болуын қадағалау жауапкершілігін өзіме жүктеймін.

Балалар ұсыныс Төрайымы :



К.Танирбергенова

тамақтану Хатшы :



Е.Бердешова

- Балалар
- Желісі
- Жүкте
- Кезек
- Болуы

20.05 2020

Қатысқандар:26

Қатыспағандар:2

Күн тәртібінде

- 1.Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы жөнінде
- 2.Жазғы сауықтыру іс-шараларын бекіту
- 3.Медбикенің кеңесі
4. Жазғы жөндеу жұмыстары жөнінде

Тыңдалды:Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы бойынша балабақша меңгерушісі К.Танирбергенова сөз алды:Қазіргі таңда жаһандық пандемияға байланысты жұмысты қашықтықтан істеуге мәжбүрміз,соған орай барлық қызметкерлер ең алдымен өздерінің денсаулықтарына қатты мән беріп,отбасының мүшелерінің де саулықтарына мән беруін қажет деп ойлаймын.Мемлекетіміздің Конституциясында жазылғандай ,ең басты байлығымыз адам,сондықтан біз басты назарда өздеріміздің денсаулығымыздың дұрыс болуын басты міндет деп алуымыз керек.Кезекші топтар да маска тағып ,топталуға жол берілмей ,аса сақ болу қажет

Тыңдалды:Жазғы сауықтыру іс-шаралары бойынша балабақша меңгерушісі К.Танирбергенова сөз алды:Жазғы іс-шаралар бойынша балаларды қашықтықтан оқыту бойынша барлық топтарда ватсапп группалары ашылған.Белгіленген уақытта ,ұзақтығы кестеге сай ,барлық балалардың толық қатысуын қадағалай отырып өткізілсін.Барлық группаларға балабақша әдіскері тіркеліп,уақтылы өткізіліп жатқаны және толық балалардың қамтылып жатқаны бойынша есеп беріп отырсын.іс-шаралар кестесі мен жұмыс жоспарлары бекітілген ,сол бойынша жұмыс жүргізуіміз керек.Пандемия уақыты болсада, біз тәрбие мен білімді жалғастыруымыз керек.Бұл індеттің уақытша екенін,ертеңгі күнімізге мол сеніммен,үлкен үмітпен қарайтынызға мен сенімдімін.

Тыңдалды: Балабақша медбикесі А.Урунбасарова

Коронавирус кәдімгі тұмау тәрізді болғандықтан, оның алғашқы белгілерін көп адам байқай бермейді. Дегенмен, дәрігерлер келесі симптомдар білінсе, бірден дабыл қағуға кеңес береді:

- дене қызуының көтерілуі, жоғары температура;

- құрғақ қатты жөтел;
- бастың ауруы;
- кеуде тұсының ауруы;
- ендікпе және тыныс алудың бұзылуы;
- жүрек қағысының жиілеуі;
- пневмония;
- безгек;
- мұрынның бітуі;
- фарингит;
- диарея.

Осындай симптомдарды байқасаңыз, 103 нөміріне хабарласып, бірден медициналық мекемеге хабар беріңіз. Әсіресе вирус тараған елдерден сапарлап келген болсаңыз, міндетті түрде тексерілген жөн.

Коронавирус қалай жұғады?

Коронавирус респираторлық жолмен жұғады.

Covid-2019 инфекциясын жұқтырған адаммен жақын байланыссаңыз, қауіпті дертке шалдығуыңыз әбден мүмкін. Инфекция ауру жұқтырған адамнан келесі адамға жөтелгенде не түшкіргенде науқастың мұрнынан, аузынан бөлінетін ұсақ тамшылар арқылы беріледі. Бұл тамшылар заттардың бетіне, есік тұтқасына түседі. Ол заттарды ұстаған адам қолын жұмастан көзіне, мұрнына немесе аузына тигізсе, ауруды жұқтырады. Сондықтан, коронавируска шалдыққан адамнан **1 метрден аса** қашықтықта жүру маңызды. Қазіргі уақытта ғалымдар вирустың заттардың бетінде қанша уақыт тіршілік ететінін анықтауда. Вирус бір сағаттан бірнеше күнге дейін өміршеңдігін сақтай алады деген болжам бар. Сондықтан, вирусты өлтіру және олардың адамға жұғуына жол бермеу үшін қарапайым дезинфекциялаушы заттарды қолдануға болады.

Коронавирустан қалай сақтану керек?

Дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымының инфекцияның алдын алуға беретін кеңестері:

- Қолды әр жарты сағат сайын 20 секунд бойы сабындап жуу;
- Микробтарды өлтіруге антисептик көмектеседі. Медициналық спирт те қолдануға жарайды. Егер спиртке аллергия бар болса, санитайзерді пайдаланыңыз;
- Түшкіргенде және жөтелгенде мұрын-аузыңызды қағаз майлықпен не шынтағыңызбен жабыңыз. Содан кейін майлықты жабық контейнерге тастап, қолыңызды жуыңыз;
- Қолыңызды көзіңізге, мұрныңызға және аузыңызға тигізбеңіз, бұлар вирустың "кіріс қақпасы" саналады;

- Жөтел, жоғары температура және тыныс алу мүшелері ауруларының басқа симптомдары бар адамдардан аулақ жүріңіз;
- Адам көп жиналатын қоғамдық орындарға, той-томалақ, жиындарға бармай, үйде отыруға тырысыңыз;
- Адамдармен қол алыспай, қашықтықтан амандасқан жөн;
- Иссапардан бас тартып, әлем бойынша саяхатты шектеңіз;
- Үйдің терезесін жиі ашып, ауаны тазартып тұрыңыз;
- Қоғамдық көлікті жиі пайдаланбаған жөн;
- Қолма-қол ақшадан бас тартып, төлемді мүмкіндігінше банк картасы арқылы жасаңыз;
- Бөлмені жиі желдетіңіз;
- Табиғат пен фермалардағы жануарлардан аулақ жүріңіз;
- Ет пен жұмыртқаны ұзақ уақыт қайнатып не пісіріңіз, яғни, шала піскен күйінде тұтынбаңыз;
- Температура көтерілгенде, жөтелгенде және тыныс алу қиындағанда дереу медициналық жәрдемге жүгініңіз;
- Имунитетіңізді нығайтып, салауатты өмір салтын ұстаныңыз. Ақуыздарға, дәрумендерге және минералды заттарға бай тағамдарды тұтыныңыз.

Тыңдалды: Жазғы жөндеу жұмыстары бойынша балабақша меңгерушісі
к.Танирбергенова сөз алды:

Қажетті жерлерді сылап, ақтап, сырлауымыз керек. Жөндеу жұмыстарын әр топ, жеке жеке, топтаспай жүргізуіміз керек. Өз өмірлеріңізге абай болып, жұмыс кезінде мұқият болыңыз. Қауіпсіздік ережесін сақтауды тапсырамын. Жөндеу жұмыстарына жауапты шаруа меңгерушісімен медбике және ұжым қызметкерлері

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуына жауапты әдіскер К.Кубекбаева
2. Жазғы сауықтыру шаралары күнделікті жоспар бойынша жүргізілсін. Жауапты: Тәрбиешілер, әдіскер К.Кубекбаева
3. Балабақшаның қажетті жерлеріне жөндеу жұмыстары жүргізілсін, қауіпсіздік шаралары қатаң сақталсын. Жауапты: Шаруа меңгерушісі және меңгеруші К.Танирбергенова

Танирбергенова

Кубекбаева

к. Танирбергенова

хатшы

Танирбергенова

Е. Бердешова

Ватсап желісінде өткен өндірістік кеңестің №1 хаттамасы

Қатысқандар: 28

13.08.2020ж

Күн тәртібі:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
- 2.Жаңа оқу жылына дамытушы орта құрылуы,толықтыру.
- 3.Балалар тізімін анықтау, жас ерекшелігіне сай топтарға бөлу.
4. «Бала қауіпсіздігі және қызметкерлердің өз өмірі қауіпсіздігін сақтау жөнінде нұсқау жүргізу.

Короновирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңіне арналған материалдар ұсыну арқылы санитарлық талаптарды орындауды, сақтауды ұйымдастыру

1.Тыңдалды :Балабақша меңгерушісі К.Танирбергенова сөз алып, өткен кеңестің шешімдері жайлы сөз қозғап, орындалуына тоқталды. Әрбір қызметкерлер өз лауазымдық міндеттерімен танысып, еңбек шарттарын оқып, қол қойды. Және де әрбір қызметші өзіне жүктелген міндетін жауапкершілікпен атқарып, нақты және талапқа сай жұмыстарын атқаруға келісті. Жұмыс беруші мен қызметкер арасында еңбек шарты түзіліп лауазымдық міндеттері таныстырылып, мөрленіп бекітілді. Техника қауіпсіздік ережелері де қызметкерлерге таныстырылып баяндамалар: өрт болған жағдайда, су тасқыны болған жағдай да т.б. сол секілді қауіпсіздік ережелерін айтып техника қауіпсіздігін сақтау туралы сөз болды.

2.Тыңдалды: Дамытушы орта құру туралы әдіскер К.Кубекбаева сөз алып:Педагог топта эмоционалды жағымды атмосфера орнату арқылы баланың балабақшаға ықыласпен баруға оң ойын қалыптастырады. Ол үшін топта жылы, жайлы атмосфера орнату қажет.Ойын алаңдарын ойыншықтармен жабдықтау мәселесіне тоқталды. Балалардың танымы ойын әрекеті арқылы дамитынын, көзқарасының артуы ойын элементтеріне байланысты екенін атап өтіп, ойын алаңдарын құралдармен жабдықтау керектігін, толықтыру керектігін айтып өтті. Ол үшін қатты материалдар үлгі материалдар, көркем-суреттер ойыншықтар жаттығуға арналған құрал – саймандар, қимылды ойындарға арналған атрибуттар, сюжетті дидактикалық, ұлттық ойындарға арналған көрнекіліктер

материалдар театр түрлерін , жасауымыз керек. Жасалған заттар әрине балаға зиянсыз, қолайлы жас ерекшеліктеріне сай, тартымды, әдемі, таза, спалы болуы тиіс деп өз сөзін аяқтады.

3.Тыңдалды: Балалар тізімін анықтау, жас ерекшелігіне сай топтарға бөлу туралы меңгеруші К.Танирбергенова сөз алды: Бала жасының топталуы НОБД талаптарына сай, жас ерекшеліктеріне қарай қабылданады. Кіші топқа 1-қыркүйекке дейін 1-жасқа толық толған бала, ортаңғы топқа 3-ке толған, ересек топқа 4-жасқа толған, МАДТ-топқа толық 5-ке толған бүлдіршіндер қабылданады, жас ерекшелігіне қарай топтарға бөлініп жауапты тәрбиешілер бекітіледі деді.

4.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі К.Танирбергенова «Бала қауіпсіздігі және қызметкерлердің өз өмірі қауіпсіздігін сақтау жөнінде нұсқау жүргізді.

Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңіне арналған материалдар ұсынып, санитарлық талаптарды орындауды, сақтауды тапсырды.

Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде қашықтан оқыту технологиялары арқылы үй жағдайында ата-аналарға тәрбиеленушілерге арналған материалдар ұсыну арқылы санитарлық талаптарды орындауды, сақтауды ұсынды.

Үйде, аулада санитарлық талаптарды орындауға, тазалақ сақтауға балаларды дағдыландырып қадағалауға, құнарлы тамақтанып, уақытында ұйықтауға жағдай туындату жөнінде кеңестер беруді тапсырды.

Шешімі:

1. Ойын алаңдары құралдармен жабдықталып толықтырылсын. Жауапты: шаруа меңгерушісі
2. Балалар тізімін анықтау, жас ерекшелігіне сай топтарға бөлу. Жауапты: әдіскер К.Кубекбаева
3. Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде қашықтан оқыту технологиялары арқылы үй жағдайында ата-аналарға тәрбиеленушілерге арналған материалдар ұсыну арқылы санитарлық талаптарды орындауды, сақтауды ұйымдастыру.
4. Жауаптылар: Әдіскер К.Кубекбаева, тәрбиешілер, мед бике

Төрайымы:



К.Танирбергенова

Хатшы :



Е.Бердешова

Ватсап желісінде өткен өндірістік кеңестің № 2 хаттамасы

Қатысқандар: 28

18.12.2020ж

Күн тәртібі:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
- 2.Жылу мәселесі
- 3.«Вирустық аурулардың таралуының алдын алу» жаднама ұсыну

1.Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі К.Танирбергенова өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде, ойын алаңдары құралдармен жабдықталып толықтырылуы, балалар тізімін анықтау, жас ерекшелігіне сай топтарға бөлу, короновирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде қашықтан оқыту технологиялары арқылы үй жағдайында ата-аналарға тәрбиеленушілерге арналған материалдар ұсыну арқылы санитарлық талаптарды орындауды, сақтауды ұйымдастыру туралы айтып өтті.

2.Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі К.Танирбергенова балабақша ғимаратының қазандықтарының толық жұмыс істеп тұрғаны, бөлмелер зәктеп кетуінің, құбырлардың жарылмауы қадағаланып, бөлме жылуы температураларының сақталуы жөнінде тоқталып, тапсырмалар берді.

3.Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі К.Танирбергенова «Вирустық аурулардың таралуының алдын алу» жаднама ұсыну туралы, жаднама мақсатын атап өтті. Тәрбиеленушілер арасында вирустық аурулардың, оның ішінде короновирустың таралуының алдын алу мақсатында денсаулық сақтау органдарымен біріге отырып ұжымда, ата-аналардың қоғамдастығының арасында профилактикалық іс-шаралар жоспарын құру, түсіндіру жұмыстарын жүргізу, ғимараттарда санитарлық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету, желдету, кварцтау, ылғалды жинау санның арттыру, маскалық режимді қатаң сақтау туралы тапсырмалар беріп, қадағалауды өз жауапкершілігіне қалдырды.

Шешімі:

1. Балабақша бөлме жылуы температураларының сақталуын қадағалау. Жауапты: Меңгеруші К.Танирбергенова
2. Тәрбиеленушілер мен қызметкерлер арасында вирустық аурулардың, оның ішінде короновирустың таралуының алдын алу жұмыстары ұйымдастыру. Медбике А.Урунбасарова, әдіскер К.Кубекбаева

Төрайымы:



К.Танирбергенова

Хатшы :



Е.Бердешова

«Қаламқас-әже» бөбекжай балабақшасы ЖШС

Кезектен тыс ватцап желісінде өткізген өндірістік кеңестің хаттамасы.

Жалпы қызметкерлер саны :28

Қатысқандар :28

25.02.2021ж

Күн тәртібінде :

1.Қ.Р Білім және ғылым министрінің №345 бұйрығына байланысты ,халықтың сырқаттанушылық деңгейінің тұрақты төмендеуіне байланысты санитарлық талаптарды сақтай отырып кезекші топтар ашу жөнінде .

2.Ата-аналармен түсіндірме жұмыстар ,балаларды санитарлық қауіпсіздік құралдар мен қамтамасыздандыру және санитарлық талаптар туралы .

3.Балабақша ғимаратында , ауласында және ойын алаңында қашықтық сақтау алаңын дайындау жөнінде .

1.Тыңдалды :Балабақша меңгерушісі К.Танирбергенова

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «13 тамыздағы» №345 бұйрығына сәйкес ,коронавирустың инфекциялардың таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде талаптарды қатаң сақтай отырып кезекші топтарды ашуға ИНФО Қазақстанға тіркеліп ,жетісай аудандық адами әлеуетті дамыту бөліміне өтініш жібергенбіз ,рұқсат жауап келді. Санитарлық талаптарға сай балабақша топтарын жабдықтау жолдары жүргізілді, таныстырып өтсем –

1. Әр топта 15 баладан артық емес ;

2. Балалар үстелдері 1-метр қашықтықта орналасқан;

3. Әрбір ҰОҚ кейін кабинеттер желдетіліп кварцталады ;

4. Әрбір ҰОҚ кейін қолды жуу және арнайы құралдар пайдалану .

Жалпы балабақша дезинфекциялау құралдарының қорымен қамтамасыз етіледі.

Тәрбиешілер ата-аналармен түсіндірме жұмыстарын жүргізу керек .Ата-аналармен байланысып ,ата-ананың атынан немесе заңды өкілдің атынан мекеме басшылығының атына өтініш электронды түрде қабылдайсыздар .Баланың денсаулығы жөнінде және ата-ананың жұмыс орнынан анықтама талап етіледі. Балаға қажетті санитарлық құралдар киім кешек ,жұмыс тәртібі ,күн тәртібін сақтау , баланы алдын -ала алып келу,қабылдау уақыты біршама уақыт алатын түсіндіруміз қажет.

2.Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі К.Танирбергенова барлық талаптарды сақтай отырып,балалардың денсаулығының алдын алу шараларын дұрыс орындайық.Қашықтықты қамтамасыз ету мақсатында ойын алаңдарын барынша пайдаланамыз.Күн сайын қызметкерлермен балалардың дене қызуын өлшеп ,ауру белгілерін анықтаймыз.Ауру белгілері анықталған жағдайда жұмысқа жіберілмейді.Бала ата –анасымен үйіне қайтарылады.Ата –ана балаларды санитарлық құрал саймандар мен қол орамал, дымқыл бактерияға қарсы майлықтармен, бетперделермен қамтамасыз етеді .Сыртқы есіке дейін әкелсе ,кіре берісте тәрбиешімен медбике күтіп алады.Барлық қызметкерлер талаптар мен ережелерді қатаң сақтауы тиіс. Жұмыста дезинфекциялық құралдармен пайдалану және сақтықта болуды тапсырамын деді.

3.Тыңдалды:Балабақша меңгерушісі К.Танирбергенова –Кезекші топтарда ұйымдастырылған оқу қызметтерінен соң балалар серуенге шығады . Әр топ өз ойын алаңында болуы үшін орта қызыл ленталармен бөлінеді, ойын алаңы барынша кең пайдаланылып ,ара қашықтық сақталуы тиіс .Беседкалар жуылып тазалық сақталсын .Ұйқы ,демалыс ,тамақтану, ұйымдастырылған оқу қызметі режимі сақталады . Кешке оқу күні аяқталғанан кейін ата-аналар немесе заңды өкілдер балаларды алып кетеді . Тәрбиеші немесе тәрбиешінің көмекшісі алып шығып береді.Мектеп алды даярлық «Қарлығаш » тобында жауапты тәрбиешілер Бердешова Е,Көлбаева Г Ересек «Балапан» тобында тәрбиешілер Үсенова Н,Абдиева Г

Шешім :

1.Санитарлық талаптарды қатаң сақтай отырып кезекші топтар мектепалды даярлық «Қарлығаш » тобы .

Ересек «Балапан» тобы 01.03.2021 жылдан ашылып өтініш берген ата-аналардың балалары қабылдансын. Жауаптылар :Меңгеруші К.Танирбергенова Медбике А.Урунбасарова

Тәрбиешілер :Бердешова Е.Көлбаева Г,Үсенова Н,Абдиева Г

2 .Ата-аналармен түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылып, өтініштер электронды түрде қабылдансын .Жауаптылар Мектеп алды даярлық «Қарлығаш »тобы тәрбиешілері Көлбаева Г,Бердешова Е.

Төраймы :  К.Танирбергенова

Хатшы :  Е.Бердешова

Өндірістік кеңестің №3 хаттамасы

04.03.2021

Күн тәртібі:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Ұлттық мерекеге дайындықтар жөнінде
- 3.Балабақша ауласын көгалдандыру,тазалық жөнінде

1.Тыңдалды:

Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы балабақша меңгерушісі К.Танирбергенова сөз алды :

Балабақшада қысқы маусымда жылу жүйесі, пеш жақсы жұмыс істеді. Балабақшаның ұйқы, ойын бөлмелерінде бір қалыпты температура сақталды.

Санитарлық талаптар сақтала отырып Мектепалды даярлық «Қарлығаш» тобында жауапты тәрбиешілер Бердешова Е,Көлбаева Г, ересектер «Балапан» тобында тәрбиешілер Үсенова Н,Абдиева Гжұмыс жүргізуде.Әр күні баланың денсаулығына, көңіл күйіне мән беру,ата-анамен тығыз байланыста болу,талап ережеге бағыну,қатаң сақтау туралы тапсырмалар берді.

2.Тыңдалды: Балабақша әдіскері К.Кубекбаева Ұлттық мерекеге дайындықтар жөнінде,Әз-Наурыз мерекесін санитарлық талап, ережелерді сақтай отырып, ата-аналардың қатысуынсыз өткізу жөнінде, қысқаша бағдарламаларға тоқталды.Залды ұлттық мерекеге сай безендіру жұмыстарын жүргізуді тапсырды.

3.Тыңдалды:

Балабақша ауласын көгалдандыру, тазалық жөнінде балабақша меңгерушісі К.Танирбергенова сөз алды:

Енді балабақша ауласын көгалдандыру жұмыстарымен айналысуды бастайық. Көшеттер отырғызып, ағаш түптерін ақтап, аула гүлдерін егіп, күтім жасайық. Арықтар тазартылып, қоқыстардан тазарту жұмыстарын өткізуде сенбіліктер ұйымдастырайық деді. Тазалық болу керек, түрлі инфекциялар тарамас үшін аула, балабақша ғимаратын таза ұстауды тапсырды, жауаптыларды бекітілді.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы
қадағалансын. Жауапты: әдіскер К.Кубекбаева
2. Наурыз мерекелерін ата-ананың қатысуынсыз, санитарлық талаптарға
сай өткізу. Жауаптылар: Тәрбиешілер, сазгер.

Төрайымы:  К.Танирбергенова

Хатшы:  Е.Бердешова

Өндірістік кеңестің №4 хаттамасы

: 20.05.2021ж

Күн тәртібі:

- 1 Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
- 2 Жазғы сауықтыру іс шараларын бекіту
3. Іш ауруларының алдын алу медициналық кеңестері
4. 4.Жазғы жөндеу жұмыстары жөнінде

1.Тыңдалды:Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша медбикесі А.Урунбасарова тоқталып өтті:Балабақша күн тәртібі бойынша балалар өмірін және қауіпсіздігін сақтау, тазалық сақтауға көңіл бөлінді. Таңертең қабылдау кезінің өзінде-ақ баланың терісінің, денесінің тазалығы, дене қызуы, табеті жайлы ата-аналардан сұрап әңгіме кеңес өткіземіз. Топтар желдетіліп, бөлме, ыдыс, ойыншықтар тазалығы тексерілуде. Әсіресе кіші топтарда ойыншықтар екі мезгі жуылады. Балабақша ауласына ағаштар егіліп күтім жасалуда. Балалар серуенге шыққанда гүлге су құйып, шөптерден тазартып отырады, еңбек етеді. Жалпы аула тазалығын сақтап, ойын алаңдарында балалар ойнауға ыңғайлы етіп құралдар қойылған ойын кезінде қауіпсіздігі қадағаланды.

2.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі К.Танирбергенова сөз алды: Жазғы сауықтыру шаралары жөнінде балабақша меңгерушісі тапсырмалар беріп жоспармен таныстырып өтті. Жазда жазғы маусымға арналған жеңілдетілген сабақ кестесіне өтеміз. Бес күнде күніне бір рет сабақ өткізіліп, қалған уақытта таза ауада ойнатып, балалар шынығуы, денсаулығын нығайту қажет. Ау және күн ванналарын қабылдап, жалаң аяқ құм үстімен жүріп бассейінде шомылады, ойнайды, сауықтыру мерекелері ұйымдастырылып, туылған күндер, спорттық жарыстар өткізілді.Барлық іс – шараларға медбеке қатысуға міндетті.Балалар көп уақыт күннің астында қалмауы, шаршап қалмауы керек.

3.Тыңдалды:

Балабақша медбикесі медбике А.Урунбасарова

Балалардың іш ауруының алдын алу шаралары жөнінде кеңес берді. Балабақша қызметкерлері мен ата-аналарға да кеңес берілуін тапсырамын. Балалардың серуеннен оралғанда жуынуы

- қайнатылған су ішуі қажет
- жеміс-жидектерді жуып жеу
- күннің ыстығынан сақтану
- асханадағы бүлінген көкөністерді пайдаланбау
- ана-аналармен байланыста болу
- іші өткенде дәрігердің бақылауында болу
- сусындар, газды сусындарды шектен тыс көп ішпеу ережелерін сақтауға әрекет етуге шақырды. Бала үйде ауырған жағдайда, тәрбиешіні хабардар етуге тиісті.

4.Тыңдалды:

Балабақшаны ағымдағы жазға жөндеуден өткізу жөнінде балабақша меңгерушісі К.Танирбергенова айтып өтті. Қажетті жерлерді сыбап ақтап, сырлауымыз қажет. Ауладағы құралдар бастырмаларда сырлануы керек. Жөндеу жұмыстары сенбі, жексенбі күндері ұйымдастырылады. Өз өміріңізбен бала өміріне абай болып, жұмыс кезінде мұқият болыңыздар. Қауіпсіздік ережесін сақтауды тапсырамын деді. Және де әрбір ойнайтын бөлмелердің балалар отыратын үстел орындықтарын бояу түстерінің жарамдылығына мән беруіміз керек. Жөндеуді қажет ететін бүткіл құрал жабдықтарды шығарып жөндеуге берулеріңізді тапырамын.

Шешім:

1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қадағалансын.

Жауапты:әдіскер К.Кубекбаева

2.Жазғы сауықтыру шаралары күнделікті жоспар бойынша жүргізілсін.

Жауапты: Тәрбиешілер, медбике А.Урунбасарова

3.Балабақшаның қажетті жерлеріне жазғы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, қауіпсізді ережесі сақталсын. Жауапты:әдіскер К.Кубекбаева

Төрайымы :

Хатшы:



К.Танирбергенова

Е.Бердешова

Өндірістік кеңестің №1 хаттамасы

Күн тәртібі.

25.08.2021

1. Қызметкерлерді лауазымдық міндеттерімен таныстыру
2. Техникалық қауіпсіздік ережелерімен таныстыру балалар өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау өткізу
3. Стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау жұмысын жүргізу, балалар тізімін анықтау

1.Тыңдалды: балабақша меңгерушісі Т.Раманқұлов бірінші сұрақ бойынша сөз алды. Біздің мекеме жекеменшік мекеме болып табылады. Балабақшада мектепке дейінгі жастағы балалардың оқу тәрбие жұмыстары ұйымдастырылады. Оны ұйымдастыратын жағдай жасайтын осы ұжымның барлық қызметкерлерінің атқаратын өз міндеттері бар. Әрбіріңіз өз лауазымды міндет бойынша міндеттеріңізбен танысып оны орындаймын деп растау үшін өз қолдарыңызды қойыңыздар. Қол қойған уақыттан бастап ең әуелі бала қауіпсіздігі мен денсаулығына жауап береміз. Және де ішкі еңбек тәртіп ережесін қатаң түрде сақтауымыз керек. Ұжымда сіздерден жауапкершілікті, ұйымшылдықты, еңбекқорлықты, бірлік пен ынтымақтастықты көрем деп сенемін. Және сондай болуын талап етемін. Келешек ұрпақ тәрбиесінде аянбай еңбек етіп, ата-аналардың үмітін ақтап, тәжірибемізді, кәсіби шеберлікті арттырайық. Үнемі ізденіс үстінде жүруіміз шарт және де балабақшада жалпы және жеке бас тазалығын сақтап қызметке лайықты формада жүру керектігінескертемін.

2.Тыңдалды :

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Т.Раманқұлов сөзге шығып өз сөзін жалғастырды:

Мен өз сөзімде айтып өткендей біздің мақсатымыз балаларға оқу тәрбие жұмысымен қатар өз өмірлеріне қауіпсіздігін сақтауға дағдыландыруымыз қажет. Және де біз оған жауаптымыз. Бала өмірінің қауіпсіздігін сақтауыңызды ескертемін.

Ережемен толық танысып растау үшін қол қойыңыздар. Қауіпсіздік ережесі төмендегіше:

-Электр жүйесіне абай болыңыздар

- Жылыту жүйесін , ыстық суды абайлап қолданыңыздар
- газды ашық қалдырмаңыздар
- Пышақ, сіріңке, қаламсап тағы да басқа қауіпті заттар биікте тұрсын
- Жаңа жылдық от шашулар бала қасында тұтатылмасын. Абай болыңыздар.
- Тез тұтанатын мақтадан, түкті киімдерден сақ болыңыздар. Өрт қауіпті екенін естен шығармаңыздар.

Сақтанудан еш тыс қалмай ережені өмір және техника қауіпсіздігін қатаң түрде сақтауларыңызды талап етемін.

3.Тыңдалды :Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері К.Кубекбаева стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау жұмысы жүргізіліп, балалар тізімін анықтау бойынша сөз қозғады. Ол өз сөзінде: Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі бекіткен мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында мектепке дейінгі мекемелерде педагогикалық процестерде ұйымдастыруға жалпы талаптар пәндік-дамытушы ортасын ұйымдастыру үшін талаптар берілген. Біз осы талаптарды атап айтсақ:

-Дамыту орта бала өмірін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін материалдық-техникалық, эстетикалық жағдайлардың кешеніне сәкес келеді.-Орта қауіпсіз, жайлы, қолайлы болуға тиіс.Ортаның мазмұны мәдени-тарихи құндылықтарға, ұлттық дәстүр, климат, жергілікті жердің өндірістік өзгешеліктеріне сәйкес келуі тиіс. Балалар тізімі анықталып топқа болінді. Жас ерекшеліктеріне сай бағдарлама бойынша оқу – тәрбие жұмысы жүргізіледі деп атап өтті.

Шешім:

1. Барлық қызметкерлер лауазымдық міндеттерін жауапкершілікпен атқарсын, техникалық қауіпсіздік нұсқаулық ережелері сақталсын.
2. Берілген нұсқаулықпен танысып, техникалық нұсқаулық ережелер сақталсын
3. Тәрбиешілер топ бөлмелерін дамытушы орта құрып, безендіріп көрнекілікпен жабдықтасын.

Төрайымы :  Т.Раманқұлов

Хатшы:  Е.Бердешова

Өндірістік кеңестің №2 хаттамасы

06.12.2021 ж

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. Жылу мәселесі
3. Жаңа жыл мерекесінде қауіпсіздік ережесіне сақтау
4. Қысқы маусымдағы қар, мұздан балаларды сақтау.
5. Бала өмірін сақтау және қауіпсіздендіру.Тексеру қорытындысы

1.Тыңдалды:

Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде

Сөйледі: Т.Раманқұлов балабақша меңгерушісі топтарда бала саны анықталып, топталды. Жас ерекшелігіне сай ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесі бекітілген, оқу тәрбие ісі жүргізілуде. Стандарт талаптыран сай жабдықталған. Әр топта қажетті ата-аналар, табиғат, еңбек, денсаулық, кітап, кезекші бұрыштары безендірілген, оқу ісіне қажетті көрнекіліктер, суреттер, альбомдар, үлестірмелі, дидактикалық материалдар жинақталған. Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері, тіл мерекесі, күз мерекесі аталып өткізілді. Әрбір қызметкер балалар өмірінің қауіпсіздігін ескере отырып, іс-шараларға ұйымдастыруда. Үнемі бала өміріне жауапты екенімізді естен шығармайық деді.

2.Тыңдалды:Жылу мәселесі

Сөйледі: А.,Урунбасарова – балабақша медбикесі -күннің суытуына байланысты жылу жұмыстары іске қосылды. Қазандықтар жақсы жұмыс істеп тұр. Жылу жүйесі үнемі қадағалануда. Бөлме жылулық температурасы +20 °С да сақталуда. Терезелер мен еденнің ақаулары жөнделді. Жылу жүйесі бір қалыпты жұмыс істеуде. Балалардың қауіпсіздігі ескерілген.

3.Тыңдалды: Жаңа жыл мерекесінде қауіпсіздік ережесіне сақтау

Сөйледі:Т.Раманқұлов жаңа жылдық мерекеге арналған «Жасыл шырша»мерекесін тойлауға әзірленудеміз. Безендіру мен өткізу жұмыстары жоспарлануда. Мереке қызықты өту үшін әрине әдемі түрлі түсті ойыншықтар, шырақтар, отшашулар мен музыкалық тосын сәттер ұйымдастыруда қауіпсіздік сережесін сақтап, абай болуларыңызды тапсырамын. Ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізілсін, ережені қатаң сақтаңыздар. Ата-аналардың қатысуынсыз өтетіндіктен,оларға түсіндіру жұмыстарын жүргізіңіздер.Бір сәттілік отшашу, үлкен қайғы әкелмеуіне кім кепіл, оған жол бермей, алдын алу жұмыстары жүргізілсін деп сөзін аяқтады.

4.Тыңдалды: Қысқы маусымдағы қар, мұздан балаларды сақтау.

Сөйледі: Т.Раманқұлов сонымен бірге қысқы ауа рай, ақ қар, көк мұздан сақтану жұмыстары жүргізілсін. Бақшаға кіру жолдары, баспалдақтың қар, мұзын ерте келіп тазалау қажет. Таңертең ата-аналар балаларымен бірге тайып жығылмау үшін, кілемшелер төселіп, сақтандыру жұмыстарын жүргізуді тапсырамын. Шатырлардың мұздарын балалар көп жүретін жерлерін түсіріп, қағу керек. Басына түсіп жарақат алып қалмасын. Аула сыпырушы мен жұмысшы қызметкерлер жұмыстарын дұрыс атқаруды тапсырамын. Қадағалауды мебдике А.Урунбасарова мен шаруа меңгерушісіне бекітемін деді.

5.Тыңдалды: Сөйледі Балабақша меңгерушісі Т.Раманқұлов: Бала өмірін сақтау мен қауіпсіздендіру тақырыбында желтоқсан айында жан-жақты тексеру болып өтті. Тексеру нәтижесінде анықталғаны барлық топтарда балаға қауіпсіз болу керек, мысалы химиялық ерітінділер бала қолы жетпейтін, бөлек, арнайы орындарда болуы керек. Бөлме гүлдері қойылған шкафтарда қауіпті болып тұр, Ойыншықтар да биікке үлкен ойыншықтарды қоймаймыз, оларда қауіпті, бала басына құлап кетуі мүмкін. Ыстық тамақ бергенде де өте абай болуымыз керек, балалар күйіп қалмауын қадағалаңдар. Компьютер, ноутбук, ток көздерінде қосулы күйде топқа тастап кетуге болмайды. Осындай кемшіліктер анықталды. Осы кемшіліктерді жөндеуіміз керек.

Шешім:

1. Бөлмелер жылулығы $+20^{\circ}\text{C}$ температурада сақталсын. Жауапты: мебдике А.Урунбасарова, шаруа меңгерушісі Т.Ибрагимов
2. «Жасыл шырша» мерекесінде қауіпсіздік ережесі сақталсын. Жауапты: Тәрбиешілер. Мек бике А.Урунбасарова
3. Аула қар, мұздан күнделікті тазалансын. Жауапты: Шаруа меңгерушісі, меб бике, аула сыпырушы.
4. 4.Бақылау мен басшылық бойынша тексеруде анықталған кемшіліктер жойылсн. Жауаптылар Тәрбиешілер, Әдіскер, мебдике, шаруа меңгерушісі

Төрайымы :



Т.Раманқұлов

Хатшы :



Е.Бердешова

Өндірістік кеңестің №3 хаттамасы

10.03.2022

Күн тәртібі:

- 1 Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы
- 2.Топтардағы санитарлық-эпидемиологиялық нормалардың орындалуы
3. Балабақшаның материалдық-техникалық жабдықталуының қорытындысы
- 4.Кезекті еңбек демалысының кестесін бекіту.

1.Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы балабақша меңгерушісі Т.Раманқұлов сөз алды :

Балабақшада қысқы маусымда жылу жүйесі, пеш жақсы жұмыс істеді. Балабақшаның ұйқы, ойын бөлмелерінде бір қалыпты температура сақталды. Қардан тазарту жұмыстарын уақытында жүргізіліп қауіпсіздік ережесі сақталды. Әр апта сайын күрделі тазарту жұмыстары жүргізілді. Енді балабақша ауласын көгалдандыру жұмыстарымен айналысауды бастайық. Көшеттер отырғызып, ағаш түптерін ақтап, аула гүлдерін егіп, күтім жасайық. Арықтар тазартылып, қоқыстардан тазарту жұмыстарын өткізуде сенбіліктер ұйымдастырайық деді.

2.Тыңдалды:

Балабақша Медбикесі А.Урунбасарова сөз алды:

Топтардағы санитарлық-эпидемиологиялық нормалар туралы топтардың тәрбиешілер көмекшілеріне нұсқаулықтар берілді және түсіндірілді.Бөлмелерді желдету және кварцтеу кестелері ілінді.Қысқы от жағу мен бөлме температурасын қалыпты ұстау өз бақылауымда болды.Тұмау мен суық тиюдің алдын алу жұмыстары жүргізіліп отыр.Ас мәзірінің құнарлы тағамдармен қамтылуын және нормаға сай берілуінде күнделікті қадағалап отырмын.

3.Тыңдалды:

Үшінші: Балабақша шаруа меңгерушісі Махмутова Сауле сөз алды:Биылғы жаңа оқу жылында материалдық-техникалық жабдықтауға бөлінген қаржы толығымен игерілді.Балалардың тамақтанатын ыдыстары ауыстырылды,асхана техникалары жаңартылды,жаңа оқу жылына оқу құралдары сатып алынды.Балаларға

жаңа төсектер жабдықтар мен ойыншықтар алынды, оқу әдістемелік құралдарда толықтырылды.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Т.Раманқұлов сөз алды: ҚР Еңбек кодексінің 92- бабына сәйкес жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы жұмыс орны/лауазымы/ сақтала отырып белгілі бір күнтізбелік күндер санына беріледі. Ережеге сәйкес бес күндік жұмыс аптасында орташа айлық жалақыны есептей отырып етөленеді. Сонымен «Қаламқас-әже» бөбекжай балабақшасының қызметкерлерінің кезекті еңбек демалысы жоспары бекітілді, жұмыс істеген уақыты 11 айдан асқан жұмысшылардың барлығы өз кесте бойынша демалысқа шыға алады.

Шешім:

1. Санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес жоспарды орындау.
2. Балалардың денсаулығын нығайту.
3. Мүліктер тізімі жасалып, балалардың төсектерімен, жабдықтарына таңбалар салу.
4. Белгіленген кесте бойынша қызметкерлерді еңбек демалысына жіберу.

Төрағасы :  Т.Раманқұлов

Хатшы:  Г.Колбаева

27.05.2022ж

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Жазғы сауықтыру іс-шараларын бекіту
3. Медбикенің есебі.Іш ауруларының алдын алу
4. Жазғы жөндеу жұмыстары

1.Тындалды:

Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы

Сөйледі: балабақша меңгерушісі Б.Жаңбырбай әр топта санитарлық нормалардың орындалуы қадағалануда.Балабақшаның материалдық-техникалық базаны жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Педагогикалық білім мен психологиялық қолдау көрсету біздің міндетіміз және балалардың денсаулықтарын сақтау оны қорғау басты міндетіміз. Жаз мезгілінің,күннің қатты ысуына байланысты ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп,балаларды ыстықтан қорғау,яғни балалар қайтатын уақытта қолшатыр немесе баскиім кигізуді ұмытпау,жедел ішек инфекциясына ұшырамау жағын қатты қадағалауымыз керек. Балалардың қайнатылған су ішуін,үйде түрлі жемістерді жеп уланып қалмауы үшін ата-аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

2.Тындалды: Жазғы сауықтыру іс-шараларын бекіту

Сөйледі:Б.Жаңбыр байбалабақша меңгерушісі міне, жаз да келіп жетті. Жыл бойғы тапсырмалардан, сабақтан балаларды кішкене босатып, жазға арналған сауықтыру шаралары мен қызықты, көңілді іс-шаралар жоспарланды. Жоспарлармен таныстым. Ойындарға көбірек көңіл бөліңіздер. Ойын түрлері түрленіп, отырсын. Дидактикалық, сюжеттік-рөлдік, қимылды ойындар, сөздік ойындар, табиғи материалдармен, спорттық ойындар, эстафеталық жарыстар, ұлттық ойындар, сахналау, қуыршақ театры,серуендер түгел қамтылуын тапсырамын. Ұйымдастыру кезінде ең бірінші балалар мен денсаулықтарыңыздың қауіпсіздігін, қолайлы, ыңғайлы болуын ескеріңіздер. Сауықтырулар шараларына үнемі медбикенің қатысуымен өткізуді тапсырамын деді.

3.Тындалды: Медициналық кеңестер

Сөйледі: А.Урунбасарова балабақша медбикесі балабақша қызметкерлеріне арналған кеңестер берді. Балалардың режимдік процестерге көзқарастарының дұрыс қалыптасуы үшін айналада тұрақты жағдайды қамтамасыз етуі, әрбір баланың жас ерекшелігін ескере отырып, мәдени-гигиеналық және еңбек дағдыларын қалыптастыру, емдік, сауықтыру, шараларына ата-аналардың үлес қосуына ықпал ету жөнінде айтып өтті. -Осы 2022 жылы наурыз айының 11 не 45 баланы профосмотрдан өткізіп,манту салынды.Балалардың жағдайлары бақылауда болды.Балапан тобында Құдамират Байқадам наурыз айында орз диагнозы бойынша ем

кабылдады. Екінші жарты жылдықта барлығы 8 бала орз диагнозымен емделген. Басқа аурумен есепке алынбады. Балалардың денсаулықтары жақсы. Ауырған балалар дәрігердің рұқсатымен қабылданады балабақшаға. Барлық балалардың күнделікті филтрдан өткізіліп, қабылданады. Сауықтыру шаралары жүргізіліп жатыр.

4. Тындалды:

Жазғы жөндеу жұмыстары

Сөйледі: Б. Жаңбырбай балабақша ғимаратының ішкі және сыртқы жерлерінде қажет етілетін жерлерін сыбап, ақтап, сырлау қажеттігін, жөндеу жұмыстары кезінде қауіпсіздік ережесін сақтауды тапсырды. Барлық қызметкерлерге атқаратын жұмыстарын реттеп, жауапкершілікпен атқаруын тапсырды.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қадағалансын. Жауапты: әдіскер
2. Жазғы сауықтыру шаралары жоспар бойынша жүйелі жүргізілсін.
Жауапты: тәрбиешілер, Медбике А. Урунбасарова
3. Жазғы жөндеу жұмыстары жүргізілсін, қауіпсіздік ережесі сақталсын.
Жауапты: Медбике, шаруа меңгерушісі

Төрайымы :



Б. Жаңбырбай

Хатшы :



Г. Колбаева